

Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа тұлғалардың қол жеткізу, оны алу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 389 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16684 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 438-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа тұлғалардың қол жеткізу, оны алу және пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлік

2018 жылғы 19 наурыздағы

№ 389 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа тұлғалардың қол жеткізу, оны алу және пайдалану қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа тұлғалардың қол жеткізуі, оны алуы және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 438-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленді және мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде (бұдан әрі – МКО АЖ) қамтылған ақпараттың тұлғалардың қол жеткізу, алу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭС) және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Тауарларға кедендік декларациялауды жүзеге асыру арқылы МКО АЖ бағдарламалық қамтамасыз ету web-технологияларды қолданумен іске асырылады және www.kgd.gov.kz сайтында орналастырылады.

4. Қызметтер МКО АЖ арқылы жеке және заңды тұлғаларға ұсынылады.

5. МКО АЖ-да сыртқы және ішкі модульдер бар.

6. МКО АЖ-дың ішкі модульдері:

1) шектелген қолжеткізуашілік болып табылады, сыртқы экономикалық қызметтің субъектілеріне және (немесе) кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға, оның ішінде уәкілетті экономикалық операторларға (бұдан әрі – тұлғалар) қызмет көрсету мақсатымен іске асырылады;

2) тұлғаларға "бір терезе қафидаты" бойынша орталықтанған нысанда қызмет көрсету бойынша іске асырылған.

7. МКО АЖ сыртқы модулі жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

2-тaraу. Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратқа тұлғалардың қол жеткізу қағидалары

8. МКО АЖ сыртқы модуліне қолжеткізу интернет желісіне қолжетімділігі бар барлық тұлғаларға шексіз ұсынылады.

9. МКО АЖ сыртқы модулі арқылы "Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің пайдаланушысы ретінде тіркелу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 321 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16596 болып тіркелген) сәйкес өтініштердің берілуі және пайдаланушы ретінде тұлғаларды тіркеу жүзеге асырылады.

10. Ишкі модульге кіруді Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыруши орталығының (бұдан әрі – ҰКО ЭЦК) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы тұлғалар жүзеге асырады.

3-тaraу. Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратты тұлғалардың алу тәртібі

11. Тұлғалар Кодекстің 19 және 449-баптарын ескере отырып, кедендейк операцияларды жасау мақсатында ғана шектеулі қолжетімділігі бар және мемлекеттік кірістер органдарының жүргізуіндегі МКО АЖ қамтылған ақпаратты алады.

12. МКО АЖ-дың ішкі модуліне орналастырылған ақпарат шектеулі қол жетімділігі бар дербес деректерді қамтиды.

13. МКО АЖ-ға ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ақпарат алу кезінде тұлғалар сұрау салуларды ҰКО ЭЦҚ арқылы куәландырады.

14. МКО АЖ-да тұлғалар:

ҰКО ЭЦҚ пайдалана отырып, кедендейк декларациялардың барлық түрлерін электрондық түрде береді;

келу туралы хабарлама, транзиттік декларация, тауарларға арналған алдын ала кедендейк декларация, көлік құралына арналған декларация, қосымша құжаттарды ұсынбай уақытша сақтауға орналастыруға арналған құжаттар ретіндегі алдын ала ақпаратты ҰКО ЭЦҚ пайдалану мен электрондық құжат түрінде пайдаланады;

алдынала кедендейк декларацияны электрондық құжат түрінде ҰКО ЭЦҚ пайдалана отырып, қосымша құжаттарды ұсынбай алдынала ақпарат ретінде береді және пайдаланады;

уақытша әкелу (жіберу) кедендейк ресімімен орналастырылған тауарлар болып табылатын халықаралық тасымалдаудың уақытша әкетілген көлік құралдарына қатысты операцияларды жасау туралы өтінішті, тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін шығару туралы өтінішті ҰКО ЭЦҚ пайдалана отырып, электрондық құжаттар түрінде береді;

кедендейк әкелу баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін есептейді;

кедендейк баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептейді;

бірыңғай мөлшерлемелер бойынша өндіріліп алынған кедендейк баждарды, салықтарды не жиынтық кедендейк төлемдер түрінде өндіріліп алынатын кедендейк баждарды, салықтарды есептейді.

15. Тұлғалар МКО АЖ-ды қолдау қызметіне электрондық пошта арқылы жүгіне алады.

4-тaraу. Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратты тұлғалардың пайдалану тәртібі

16. МКО АЖ-да орналастырылған ақпарат Қазақстан Республикасындағы тауарларды кедендей тазарту шеңберіндегі жұмыс үшін пайдаланылады.

17. МКО АЖ сыртқы модулі барлық мұдделі тараптар үшін жалпыға бірдей ақпаратты қамтиды, оның ішінде:

МКО АЖ серверлік жабдықтардағы профилактикалық жұмыстар бойынша;

Қазақстан Республикасында кедендей реттеу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық ақпарат;

МКО АЖ бағдарламалық қамтамасыз ету;

нормативтік-анықтамалық ақпарат (Еуропалық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодтары, кеден бекеттерінің кодтары, басқа);

МКО АЖ жұмыс істеу үшін қажетті оқыту және нұсқамалық материалдар.

18. МКО АЖ ішкі модулі кедендей құжаттар, дербес шоттар бойынша ақпаратты қамтиды.

19. МКО АЖ ішкі модуліндегі тұлғалар мыналарға:

1) ҰКО ЭЦҚ пайдалана отырып электронды түрде автоматтандырылған түрде:

тауарларға арналған декларацияны;

транзиттік декларацияны;

көлік құралына арналған декларацияны;

тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін шығару туралы өтінішті;

уақытша әкелу (жіберу) кедендей ресімімен орналастырылған тауарлар болып табылатын халықаралық тасымалдаудың уақытша әкетілген көлік құралдарына қатысты операцияларды жасау туралы өтінішті беруге;

2) тауарларды шығарғанға дейін алдын ала ақпараттандыру ментауарларды кедендей декларациялауға;

3) тауарларға арналған декларацияны автоматты түрде МКО АЖ бергенге дейін шығару туралы өтінішті тіркеумен байланысты, кедендей операцияларды жасауға;

4) тауарларды көрсетілген алдын ала декларацияны тіркеу орнына қарамастан ЕАЭО-ның кедендей шекарасының қазақстан участкесіндегі өткізу пункттерінде тікелей шығаруын жүргізуға;

5) қағаз тасымалдаыштағы шығу нысандарын басып шығаруға;

6) электронды түрде есепті және төлеуді жүргізуға:

кедендей әкелу баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету;

кедендей баждар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары;

кедендей баждар, бірыңғай мөлшерлемелер бойынша өндіріліп алынатын салықтар не жиынтық кедендей төлемдер түрінде өндіріп алынатын кедендей баждар, салықтар.

7) ҰКО ЭЦҚ арқылы мыналарды алумумкіндігіне ие болады:

кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша кейінге қалдыруды және бөліп төлеуді ұсыну немесе оларды беруден бас тарту туралы мемлекеттік кірістер органының шешімін;

кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарды төлеу бойынша міндеттерді орындау мерзімінің басталуы туралы хабарламаны;

кедендік кіріс ордерін;

және МКО АЖ пайдалану арқылы жүзеге асырылатын кедендік операцияларды жасау мақсатына арналған өзге де кедендік құжаттарды;

8) жеке кабинет арқылы экспорттық-импорттық операцияларды электронды түрде жүзеге асыруға;

9) өздерінің деректерін және өзге де әрекеттерді түзету бойыншаәрекеттерді жүргізуге мүмкіндік алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК